

Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойына дайындық және оны өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 15 наурыз N 307.

"Тараз қаласының 2000 жылдығын мерекелеуге әзірлік туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 шілдедегі N 1141 P001141_ қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойына дайындық және оны өткізу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Жоспардың 1-12-тармақтарын іске асыру үшін Жамбыл облысының әкіміне 2002 жылға арналған республикалық бюджетте 467 "Тараз қаласының 2000 жылдығын мерекелеуге дайындыққа арнап Жамбыл облыстық бюджетіне берілетін мақсаттық инвестициялық трансферттер" бағдарламасы бойынша көзделген мақсатты трансферттер бөлсін.

3. Жоспардың 13-14-тармақтарында айқындалған іс-шараларды қаржыландыру Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне 2002 жылға арналған республикалық бюджетте 058 "Тарихи-мәдени құндылықтарды жөндеу-қайта жаңарту жұмыстарын жүргізу" бағдарламасы бойынша көзделген қаражаттың есебінен және шегінде жүзеге асырылады деп анықталсын.

4. "Тараз қаласының 2000 жылдығын мерекелеуге әзірлік туралы"

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 27 шілдедегі N 1141

P001141_

қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 31, 388-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Тараз қаласының 2000 жылдығына дайындық және оны өткізу жөніндегі республикалық комиссияның құрамына мыналар енгізілсін:

Мұхамеджанов	- Қазақстан Республикасы
Бауыржан Әлімұлы	Премьер-Министрінің орынбасары,
	төраға

Құл-Мұхаммед	- Қазақстан Республикасының
Мұхтар Абрарұлы	Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
	келісім министрі, төрағаның

орынбасары

Шнейдмюллер - Қазақстан Республикасының
Владимир Викторович Көлік және коммуникациялар
бірінші вице-министрі

Алдажұманов - Қазақстан Республикасы
Қайдар Сейсенбайұлы Білім және ғылым министрлігінің
Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және
этнология институты директорының
міндетін атқарушы (келісім бойынша)

Беркімбаева - Қазақстан Республикасының
Шәмшә Көпбайқызы Білім және ғылым министрі

Тілеухан - Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
Бекболат Қанайұлы келісім министрлігі Мәдениет
комитетінің төрағасы, хатшы

Баймағамбетов - Қазақстан Республикасы
Сейіл Зейнелұлы Премьер-Министрінің Кеңсесі
Аймақтық даму бөлімінің бас
инспекторы

Есдәулет - Қазақстан Республикасы
Ұлықбек Оразбайұлы Премьер-Министрінің Кеңсесі
Әлеуметтік-мәдени даму бөлімінің
сектор меңгерушісі;

Қасейінов - Қазақстан Республикасы
Дүйсен Қорабайұлы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігі Мәдениет
комитетінің төрағасы, хатшы

деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

Қасейінов - Қазақстан Республикасының
Дүйсен Қорабайұлы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық
келісім вице-министрі;

көрсетілген құрамнан: Тоқаев Қасымжомарт Кемелұлы, Сәрсенбаев Алтынбек Сәрсенбайұлы, Кәрібжанов Қайрат Сәлімұлы, Қозыбаев Манаш Қабашұлы, Көшербаев Қырымбек Елеуұлы, Соппекова Сәуле Байболқызы шығарылсын.

5. "Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойына әзірлік және өткізу

жөніндегі іс-шаралардың жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 2000 жылғы 30 қазандағы N 1628

P001628_

қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 44-45, 533-құжат) күші жойылды деп танылсын.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2002 жылғы 15 наурыздағы
N 307 қаулысымен
бекітілген

Тараз қаласының 2000 жылдық мерейтойына дайындық және
оны өткізу жөніндегі іс-шаралар
ЖОСПАРЫ

Ескерту. Жоспар өзгерді - ҚР Үкіметінің 2002.09.05. N 976
қаулысымен.

P020976_

N ! Іс-шаралар !Орындалуына жауаптылар! Құны ! Орындалу мерзімі
! ! ! (млн. !
! ! ! теңге)!

1 ! 2 ! 3 ! 4 ! 5

1. "Орталық стадионды" Жамбыл облысының әкімі 175,6 2002 жылғы
қайта жаңарту 10 қыркүйекке
2. Велоспорт және су Жамбыл облысының әкімі 115,0 2002 жылғы
спорты түрлері 15 қыркүйекке
бойынша олимпиадалық

резервтің облыстық
балалар-жасөспірімдер
мамандандырылған
мектебінің "Дельфин"
жүзу бассейнін қайта
жаңарту

3. Абай атындағы облыстық Жамбыл облысының әкімі 78,5 2002 жылғы
театрдың ғимаратын 1 қыркүйекке
және сахналық
жабдықтарын күрделі
жөндеу
4. "Баласағұн" облыстық Жамбыл облысының әкімі 180,0 2002 жылғы
мәдениет орталығының 10 қыркүйекке
ғимаратын күрделі
жөндеу, сахнасын,
кіші залын және 1-2
-қабаттарын қайта
жаңарту
5. Жамбыл облыстық Жамбыл облысының әкімі 90,0 2002 жылғы
тарихи-өлкетану 10 қыркүйекке
мұражайын көркемдік
-безендіру және
жөндеу-қалпына келтіру
жұмыстары
6. Тараз қаласының Жамбыл облысының әкімі 159,0 2002 жылғы
мерейтойына пайдалануға 15 қыркүйекке
беруге (халықтың
тұрмысы нашар топтары
соғыс және еңбек
ардагерлері, білім беру,
денсаулық сақтау,
мәдениет және басқа да
бюджеттік салалардың
қызметкерлері үшін)
жалпы алаңы 12,0 мың
ш.м. 200 пәтерлік

көп қабатты тұрғын
үйлер салу

7. Қаланың суағарларын, Жамбыл облысының әкімі 67,7 2002 жылғы
су жинауыштарын, 5 қыркүйекке
сорғы станцияларын,
ұңғымаларын және
суатқыларын күрделі
жөндеу, кәріз желілерін
және кәріздік сорғы
станцияларын жөндеу
8. Шоқан Уәлиханов Жамбыл облысының әкімі 7,8 2002 жылғы
атындағы облыстық 1 қыркүйекке
кітапхананы күрделі
жөндеу
9. Тараз қаласындағы N Жамбыл облысының әкімі 145,7 2002 жылғы
18, 50 жалпы білім 25 тамызға
беретін мектептердің
ғимараттарын қайта
жаңарту
10. Жастар сарайы Жамбыл облысының әкімі 348,0 2002 жылғы
ғимаратын салу 10 қыркүйекке
11. Балалар сүйек Жамбыл облысының әкімі 48,7 2002 жылғы
туберкулезі санаторияның 1 қыркүйекке
ғимаратын күрделі жөндеу
12. Мәдени-бұқаралық, Жамбыл облысының әкімі,
спорттық, баспа іс- МҚКМ, БҒМ
шаралары:
- 1) Қазақстан Жамбыл облысының әкімі, 5,0 2002 жылғы
ғалымдарының және МҚКМ, БҒМ қазан
шетел мемлекеттерінің
қатысуымен Тараз
қаласындағы халықаралық
ғылыми-практикалық
конференция
- 2) "Тараз-2000" МҚКМ, БҒМ, 10,0 2002 жылғы
тақырыбы бойынша Жамбыл облысының әкімі 1 қыркүйекке

әдеби-көркем тарихи
шығармаларды шығару

3) Тараз туралы Жамбыл облысының әкімі 2,2 2002 жылғы
ақпараттық 1 қыркүйекке
анықтамалықтар,
фотоальбомдар шығару

4) Жамбыл облысының Жамбыл облысының әкімі 9,2 2002 жылғы
"Тараз" энциклопедиясын 15 тамызға
басып шығару

5) Қазақстанның өнер
шеберлерінің концерті,
театрландырылған қойылым,
конкурстар, фестивальдар,
айтыстар

МҚКМ, СІМ, БҒМ, 54,6 2002 жылғы

6) халықаралық "дөңгелек Жамбыл облысының әкімі қазан
үстел", ЮНЕСКО-ның
Штаб-пәтерінде (Париж)
"Тараз-2000" көрмесі

7) Тараз қаласында Жамбыл облысының әкімі, 3,0 2002 жылғы
спорттық іс-шараларды Қазақстан Республикасының қыркүйек
ұйымдастыру Туризм және спорт жөніндегі
агенттігі

13. Айша-Бибі мұражайын МҚКМ 29,0 2002 жылғы
қалпына келтіруге қараша
дайындық жөніндегі
жұмыстарды жүргізу

14. Қарахан, Бабаджа-Хатун, МҚКМ 17,0 2002 жылғы
Шамансұр (Дәуітбек) қазан
мұражайларын, Қали-Жүніс
шығыс моншасын қалпына
келтіру жөніндегі
жұмыстарды аяқтау

ЖИЫНЫ 1546,0

Мамандар:

Қобдалиева Н.М.

Орынбекова Д.К.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК